

Қайтарымсыз грант – береке бастауы

Көпбалалы әке Ниязбек Оразбаев мемлекеттік бағдарлама аясында өз ісін бастап отыр

Бүгінгі таңда іс бастап, еңбек етемін деген жастарға көмек молынан көрсетіліп жатыр.

Жұмыссыз жастарға түрлі бағдарламалар қарастырылып, мемлекеттің көмегіне жүгінген жастардың саны күн санап өсіп келеді. Меңдіқара ауданында да мемлекеттік бағдарлама аясында қаржылай көмектің арқасында кәсіп ашып жатқан жастарымыз бар.

Меңдіқара ауданы Боровское селосының тұрғыны Ниязбек Оразбаев қазіргі таңда өз кәсібін дөңгелеткен кәсіпкер. Ол мемлекеттік бағдарлама аясында грантқа қол жеткізіп, өз ісін бастап отырған жандардың қатарынан.

- Мен 1989 жылы Наурыз ауданында дүниеге келіп, сол өңірде өсіп-өнгем. 2012 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінгі таңда жұбайым Назкен екеуміз төрт баланы тәрбиелеп отырмыз. Өз кәсібімді ашу бұрыннан бергі мақсатым еді, қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламаның арқасында өз мақсатыма қол жеткіздім.



Жас кәсіпкердің басты мақсаты аудан тұрғындарына өз көмегін тигізу

Күнделікті күйбең тіршілік құрал-жабдықсыз іске аспайды. Құрылысқа қажет жабдықтар біздің ауылда болмағандықтан, бұрыннан бергі мақсатым құрылысқа қажетті жабдықтар кәсібін ашу еді. Қазіргі таңда, бағдарлама аясында жаңа леппен өз ісімді бастаудамын, - дейді біздің кейіпкеріміз.

Көпбалалы әке мемлекеттің қолдауымен берілген ақшаға құрылыс жабдықтарын сатып алып, ауыл-аудан тұрғындарына жалға беріп, жабдықтар санын көбейтіп, өз кәсі-

бін өрге домалатпақшы. Кәсіпкер әке жаңа бизнес идеяларды іске асыруға берілетін қайтарымсыз грантты жеңіп алып, бүгінде қуаныштан төбесі көкке жетіп отыр.

- Қайтарымсыз грант бизнес-идеяларды бастау үшін үлкен мүмкіндік. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған бұл қолдауды тиімді пайдалануды жөн көрдік. Бизнес бастау жолында алдымен онлайн сабақтардан өтіп, кейіннен тест тапсырып, бизнес-жоспарымызды қорғап, қазіргі

таңда грант иегері болып отырмыз. Ұтып алған ақшаға құрылыс жабдықтарын сатып алған болатынмын. Ендігі мақсатым құрал-жабдықтар санын көбейтіп, кәсібімді үлкейту. Аудан-ауыл тұрғындарын құрылыспен күнделікті дала шаруасына қажетті құралдармен қамтамасыз еткім келеді. Ауданымызда шаруашылықпен қатар құрылыспен айналысатын жандар қаншама. Бір құралдың жетіспеушілігінен қалаға оза жүгірмес үшін, жергілікті тұрғындарға қолже-

тімді болсын деген ниетпен осы кәсіп түрін таңдаған болатынмын. Бүгінгі күні өзімнің тұрақты тұтынушыларымды да таптым, - дейді Ниязбек Оразбаев.

Бағдарлама жайлы айта өтетін болсақ, мемлекеттік гранттың нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу және дамыту болып табылатын өтеусіз берілген бастапқы капитал. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады. Өтінім беру үшін порталға тіркелу керек. Интернетке немесе компьютерге қолжетім-

ділік болмаған жағдайда, халықты Жұмыспен қамту орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында, Халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтінім беруге болады.

Өз кәсібінің арқасында аудан тұрғындарының ризашылығына бөленген бүгінгі біздің кейіпкеріміздің еңбек жолына мол табыс тілей отыра, отбасына амандық, дендеріне саулық, ашқан кәсіптеріне сәттілік тілейміз.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА